

Тұрақты даму концепциясының тарихы және мақсаты

- Тұрақты даму идеясының пайда болуы негізінен адамның табиғатқа тигізетін әсерінің ұлғаюына байланысты болды.
- **Тұрақты даму** дегеніміз - қазіргі уақыттың қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, келесі ұрпақтардың өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз етуіне қауіп туғызбайтындай даму
- Г.Брундтландтың есебінде тұрақтылық идеясының негізі адам болып табылады, ал оның әлауқаттылығы экономикаға және қоршаған ортаны қорғау жағдайына байланысты болады.
- бұл принцип Рио (2012) кездесуінде бекітілді.

Рим клубының ролі

- **тұрақты даму идеясының** дамуына өткен ғасырдың 70-ші жылдары италян экономисті және кәсіпкері **Аурелио Печчеи (Aurelio Peccei)** Рим клубы тарихи рол атқарды.
- Рим клубының қаржыландыруы бойынша 1972-1975 жылдары жарық көрген ғылыми есептерде (өсу шекарасы және т.б.) егер адамдардың саны, табиғи ресурстарды өндіру және тұтыну мөлшерінің артуы қазіргі темппен жалғаса беретін болса, онда 20- шы ғ. Табиғи ортаның ластануы апаттық деңгейге жетіп экологиялық дағдарысқа ұшырайтындығы айтылған болатын.
- келесідей қорытындыға келді: одан әрі дамудың приоритеттерін қайта қарастыратын уақыт келді және жеке приоритет ретінде экономиканың қадағалаусыз өсуінен бас тарту керек, сондай-ақ **табиғи ортаны қорғауға көп назар аудару және көп қаражат жұмсау** керек.
- Рим клубының рапорттарының шешімдері бір жағынан **тұрақты даму концепциясының** қалыптасуына септігін тигізді, екінші жағынан, экономика мен экологияның бір-біріне қарама қарсы келуіне әкелді.

Әлемді қорғау стратегиясы

World conservation strategy

- Тұрақтылық концепциясының одан әрі дамуы үшін жаңа импульс қажет және мұндай импульс ең беделді үш халықаралық табиғат қорғау ұйымдары (IUCN, UNEP, WWF) 1980 ж. жариялаған – **Әлемді қорғау стратегиясы** болып табылады.
 - Бұл құжатта келесі идея жарияланды: экономикалық даму және табиғат қорғау екеуі бір тұтас, ал табиғи ресурстарды рациональды пайдалану–**даму мен табиғат қорғаудың бөлінбес бөлігі** болып табылады.
 - экономика мен табиғат қорғау арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу мақсатында нақты ұсыныстар қабылдау үшін 1984 ж. БҰҰ жанынан сол кездегі Норвегияның қоршаған ортаны қорғау министрі **Гро Гарлем Брундтландтың** жетекшілігімен **Қоршаған орта және оның дамуы бойынша халықаралық Комиссиясы құрылды.**
 - Комиссия үш жылдың Тұрақты дамудың негізгі стратегиялары қабылданған **Біздің жалпы болашағымыз** есебі жарияланды.
- 1987 жылы БҰҰ-ның «Біздің ортақ болашағымыз» атты баяндамада **«тұрақты даму»** түсінігі алғаш рет енгізілді.

БҰҰ тұрақты даму бойынша конференциясы, Рио-де-Жанейро, 1992

1992 жылы маусымда Рио-де Жанейрода БҰҰ-ң Халықаралық конференциясы өтті. Конференция **«Қоршаған орта және тұрақты даму»** деп аталды, оған 114 елдің басшысы мен 179 елдің дипломаттары, 1600 мемлекеттік емес бірлестіктердің өкілдері қатысты. Осы конференция **“Тұрақты даму концепциясын”** және **“XXI ғасырдың күн тәртібі”** бағдарламасын қабылдады.

- **Кездесу барысында бірнеше маңызды құжаттар қабылданды:**
- **“Қоршаған орта және оның дамуы туралы Рио декларациясы**
 - **“Ормандардың барлық түрлерін басқару, сақтау және тұрақты дамыту”**
 - **«XXI ғасырдың күн тәртібі»** онда Г.Н. Брундтландтың есебінде ұсынылған идеялар жалғасын тапты
- **- Тұрақты дамудың 27 принциптері бойынша декларация.**
- **Климаттың жылынуы бойынша халықаралық конвенция.**
 - **Биологиялық алуан түрлілікті сақтау бойынша халықаралық конвенция.**

“XXI ғасырдың күн тәртібінің” негізгі бағыттары:

Кедейлікпен күрес

Халық және тұрақтылық

Адамдардың денсаулығын сақтау мен жақсарту

Тұрақты тұрғын жерлер

Атмосфераны қорғау

Жер ресурстарын тиімді пайдалану

Ормандарды жоюмен күрес

Шөлдену мен құрғақшылықпен күрес

Мұхиттарды қорғау мен тиімді пайдалану

Улы химиялық заттарды қолданудың қауіпсіздігін арттыру

Қатты қалдықтар мен ақаба суларды жою

Радиоактивті қалдықтарды жою

Балалар мен жастардың тұрақты дамуды қамтамасыз етудегі ролі

Тұрақты даму мақсатындағы ғылым мен білім беру

Тұрақты даму бойынша БҰҰ конференциясы, Йоханнесбург, 2002

- Рио конференциясынан 10 жылдан кейін ОАР (Оңтүстік Африка республикасы) астанасы **Йоханнесбургта** 104 мемілекеттің басшылары қатысқан отырыс ұйымдастырылды.
- Кездесудің мақсаты жоспардан кейін нақты әрекеттерге көшу.
- Тұрақты даму прогрессі бойынша ғаламдық шолу жасалынды және Рио дан кейінгі 10 жылда әлем бойынша тұрақты даму идеясын танымалдандыру бойынша біршама жетістіктерге жеткендігі айтылды, бірақ **нақты жетістіктер жоспарланғанға қарағанда өте аз** деген қорытындыға келді.
- БҰҰ мүше елдердің барлығы **2 жыл ішінде тұрақты даму бойынша ұлттық стратегия даярлайтындығы туралы келісімге келді.**
- Маңызды екі құжат қабылданды:
 - енгізу бойынша Йоханнесбург **жоспары.**
 - Тұрақты даму бойынша Йоханнесбург декларациясы.

Рио +20 Тұрақты дамудың жаңа кезеңі

- Әлемдік экономикалық дағдарыс тұрақты даму идеясынна деген назарды төмендетті және әсері мен приоритеттері бойынша әлем қайтадан шамамен 20 жыл артқа оралды. Ең басты назар қайтадан экономикалық проблемаларға аударылды.
- Әлемді тұрақты дамудың жолына қайта түсіру үмітімен 20 жылдан кейін, яғни **2012 ж. жазында Рио-де-Жанейро** да қайтадан кездесу ұйымдастырылды.
- Бұл кездесуге мемлекет басшылары аз қатыссада (шамамен 120), әлем қоғамын назарын тұрақты дамудың жаңа аспектілеріне аударуға мүмкіндік туғызды, сондай-ақ түзетулер енгізілуі арқылы ұзақ дайындалған негізгі құжат қабылданды - **Біз қалайтын болашақ** .
- Қабылданған құжаттың мақсаты— **Жасыл экономикаға біртіндеп өту, ол адамның табиғи ортаға тигізетін әсерін төмендетумен бірге, әлемнің барлық тұрғындарының әлеуметтік теңдігін және әлауқаттылығын арттыру. Жасыл экономиканың негізгі көрсеткіштері – парникті газдардың аз мөлшерде шығарылуы, табиғи ресурстарын пайдаланудың жоғарғы тиімділігі және әлеуметтік интеграция.**

Антропоцентрлік көзқарас

- Антропоцентрлік көзқарастың мәні (доминантық) **адам табиғаттан биік тұрады** және максималды пайда көру үшін табиғатты өзіне қарата алады.
- Өнеркәсіпті дамыту және экономиканың өсімі көбінесе антропоцентрлік бағытты жүзеге асыру бойынша негізгі іс-шаралар ретінде қарастырылады және материалдық пайдаға ең басты назар аударылады. Материалдық пайданың негізгі өлшемі ішкі жалпы өнім (ІЖӨ).

Экоцентрлік көзқарас

- Экоцентрикалық бағыт бойынша, адам табиғаттың бөлінбес бөлігі ретінде қарастырылады, онда барлық тіршілік иелерінің маңыздылығы бірдей *которой все живые существа одинаково важны.*
- Экоцентрикалық бағыттың жақтаушылары экоцентризмді кең ауқымда қарастырады және тек адам мен табиғат арасындағы әрекеттестік ретінде қараумен шектелмейді.
- Экоцентрикалық бағыттың мәні антиматериалистік және рухани және мәдени құндылықтар басты приоритет болып табылады.